

Қазан 2023 жылғы 13-20 қараша

2023 жылдың 13-20 қарашасы аралығында Қазтұтынуодағы Қарағанды Университетінің ЭҚЗ ҒЗИ заңгерлік зерттеулер зертханасының басшысы А. Х. Бакишев және Қазтұтынуодағы Қарағанды Университетінің ЭҚЗ ҒЗИ жетекші ғылыми қызметкері А. Х. Феткулов Қазан қаласында ғылыми жобаның күнтізбелік жоспарын орындау мақсатында іс-сапарда болды. Ғылыми зерттеу жобасының тақырыбы мен бағыты: "Тау-кен немесе құрылыс жұмыстарын жүргізу кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз етудің қылмыстық-құқықтық және криминологиялық шаралары" (ИРН АР 19675171).

Іс-сапар барысында келесі міндеттер шешілді:

- зерттеу және ресми статистика тақырыбы бойынша эмпирикалық материалдарды жинау (сауалнама және сұқбат);

- тергеу және сот практикасын, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы құқық бұзушылықтарға қарсы іс-қимыл саласындағы шетелдік тәжірибені талдау;

- тау-кен немесе құрылыс жұмыстарын жүргізу кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы мәселелермен айналысатын сарапшылармен және ғалымдармен кездесу.

Қазан қаласына іс-сапар мерзімі 7 күн болды. Қазан федералды (Еділ) университетіне, заң факультетінде жүзеге асырылды (Кремль көшесі, 18). Қазан федералды университетінің Заң факультеті – Ресейдегі ең көне жоғары заң оқу орындарының бірі, онда еңбекті қорғау саласындағы құқық бұзушылықтарға қарсы іс-қимыл бойынша ғылыми еңбектері мен практикалық тәжірибесі бар көрнекті ғалымдар, заңгерлер жұмыс істейді.

Жұмыс барысында заң факультетінің басшылығымен кездесу өтті (факультет деканы, з.ғ. д., проф. Бакулина Л. Т.), оның барысында сапардың мақсаты мен міндеттері талқыланды, содан кейін факультеттің профессор-оқытушылар құрамымен кездесуге рұқсат алынды.

Қылмыстық құқық кафедрасының меңгерушісі з.ғ. д., проф. Талан М. В. кафедраның негізгі ғылыми бағыты ретінде: "Адам, қоғам және мемлекет қауіпсіздігін қамтамасыз етудің қылмыстық-құқықтық, қылмыстық-атқару және криминологиялық құралдары" бағытында жүзеге асырылатының айтты. Қосымша ғылыми бағыт ретінде: "Халық денсаулығының сапасын арттыруды қылмыстық-құқықтық сүйемелдеу" бағыттарына да тоқталды. Аталған бағыттар ғылыми жобаның тақырыбына сәйкес келеді.

Профессор Талан М.В.-мен еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды қамтамасыз етудің қылмыстық-құқықтық мәселелері талқыланды, сондай-ақ, тау-кен және құрылыс жұмыстарын жүргізу кезінде қауіпсіздік ережелерін бұзғаны үшін біліктілік пен жаза тағайындауға байланысты өзекті заңдық құрлымдардың басымдықтары мен кемшіліктері айқындалды. Сонымен, Ресей Федерациясының қылмыстық заңнамасында кейбір айырмашылықтары мен ұқсастықтары бар екендігін көруге болады. Мәселен, 216-бапқа тқталар болсақ: "Құрылыс немесе басқа жұмыстарды

жүргізу кезінде қауіпсіздік ережелерін бұзу" мәселелері қарастырылған. Осылайша, Ресейдің заң шығарушы органы 2018 жылы "Тау-кен жұмыстарынан" бас тартқандығын көреміз. Осыған байланысты Ресей Федерациясының Қылмыстық кодексінің 216-бабы және оны ресейлік соттардың қолдану тәжірибесі, "басқа жұмыстар" ұғымының мазмұны талқыланды, онда құқық қолданушы кейбір жағдайларда түсініксіз түрде түсіндіреді, бұл қылмыстың біліктілігінде қателіктерге әкеледі. Сондай-ақ, РФ ҚК 216-бабын түсіндіру кезінде туындайтын қиындықтарды шешу мәселелері, Қазақстан Республикасы ҚК 277-бабының артықшылықтары мен кемшіліктері талқыланды. Еңбекті қорғау саласындағы бұзушылықтарға қарсы іс-қимылдың заңнамалық және құқық қолдану практикасын жетілдіру бойынша ұсынымдар алынды.

Әңгімелесу аяқталғаннан кейін ПОҚ, сарапшылармен сұхбат жүргізілді. Қылмыстық құқық кафедрасында 14 оқытушы жұмыс істейді, оның ішінде 4 заң ғылымдарының докторы және 9 заң ғылымдарының кандидаты. Біз ғылыми зерттеу тақырыбы бойынша басқа мәселелерді талқылау үшін қылмыстық құқық кафедрасымен кезекті кездесу өткізуге келістік.



2023 жылдың 15 қарашасында қылмыстық құқық кафедрасының меңгерушісі з.ғ. д., проф. Талан М. В. және кафедра ПОҚ-мен кезекті кездесу өтті. Онда тау-кен және құрылыс жұмыстарын жүргізу кезінде қауіпсіздік ережелерін бұзудың алдын-алудың криминологиялық мәселелері талқыланды. Бұл тұста, кафедра оқытушыларының осы саладағы жұмыстарымен таныстырылым өтті. Тау-кен немесе құрылыс жұмыстарын жүргізу кезінде ережелерді бұзған адамның жеке басы, экономиканың тау-кен және құрылыс салаларын дамытудың қазіргі жағдайында, одан әрі

зерттеуді қажет ететіні атап өтілді. Атап айтқанда, мұндай адамдардың деструктивті мінез-құлқының негізінде жатқан мотивациясын айқындау, сондай-ақ осы мінез-құлықты тудыратын факторларды зерттеп, мұқият талдау керек екендігін айтуға толық негіз бар. Сондай-ақ, тау-кен немесе құрылыс жұмыстарын жүргізу кезінде қауіпсіздік ережелерін бұзудың себептері, қызметкерлердің әлеуметтік ұстанымдары ғана емес, сонымен қатар жағдайды қабылдауға, деректерді өңдеуге және шешім қабылдауға байланысты олардың психофизиологиялық саласындағы ақаулар болуы мүмкін екендігі атап өтілді.

Ғылыми зерттеу тақырыбынан басқа, Қазан университетінің Қылмыстық құқық кафедрасы мен Қазтұтынуодағы Қарағанды университетінің ЭҚЗ ҒЗИ арасында одан әрі ғылыми ынтымақтастық мәселелері талқыланды. Бұл тұста, ғылыми ынтымақтастық туралы арнайы шарт немесе меморандум жасасу қажеттігі айтылды. Кездесуге заң факультеті деканының білім беру қызметі жөніндегі орынбасары, з.ғ. к. Хабибуллин Н. Э. қатысты, ол осы ұсыныс пен ынтымақтастық туралы ниетті оң бағалады.

2023 жылдың 16 қарашасында Ресей мемлекеттік кітапханасында (Қазан қ., Татарстан к-сі, 2) жұмыс жүргізілді. Онда зерттеу тақырыбы бойынша диссертациялар мен монографиялардың толық мәтіндері бар. 1995 жылғы мұрағаттың тереңдігі ғылыми әдебиеттерге (монографиялар мен диссертацияларға) тек кітапхана компьютерлерінің деректер қоры арқылы ғана қол жеткізуге болады. ҚФУ-да кітапхана қорына кіру келесі мекен-жайлар бойынша ұйымдастырылған: Қазан қаласы, Кремль көшесі, 35; Қазан қаласы, Бутлеров көшесі, 4, сондай-ақ Набережночелнинский (Сююмбике даңғылы, 10а) және Елабужский (қазан көшесі, 89) кітапханаларында.



2023 жылдың 17 қарашасында заң факультетінің ғылыми жетекшісі, Ресей Федерациясының еңбек сіңірген заңгері, з.ғ.д., проф. Тарханов И. А. мен кездесу өтті. Тарханов И.А. өз кезегінде, Ресей Федерациясының Жоғарғы Соты жанындағы ғылыми – консультативтік кеңестің мүшесі және РТ-да кешірім жасау мәселелері жөніндегі комиссияның төрағасы болып табылады. Тарханов И.А. тәжірибесінің негізінде, Ресей Федерациясы соттарының еңбекті қорғау ережелерін бұзғаны үшін жауапкершілікті реттейтін қылмыстық заңды қолдану тәжірибесі талқыланды. Ол қазіргі уақытта Ресей соттары аталған қылмыстық әрекетті жасағандар үшін кінәлілерге жаза тағайындауда белгілі бір қиындықтарға тап болғанын атап өтті. Бұл ретте, себеп: арнайы ережелерді бұзу мен пайда болған зиянды салдарлар арасындағы себеп-салдарлық байланыстардың күрделі сипатында, кінә сипатында, оны анықтау өте қиын. Аталған негізгі мәселелердің жиынтығы арқылы, ондағы 216 бап негізінде қылмысты дұрыс тергеп, сот өндірісінде қарауда қиындықтар туындайтындығын көре отырып, оларды шешу Ресей Федерациясының Жоғарғы Сотының арнайы қаулысында арнайы түсіндіруді талап етедігіне тоқталды.

Аталған күні з.ғ. д., проф. С. И. Голубевпен кездесу өткізілді. Ол еңбекті қорғау саласындағы маман болып табылады. Кездесу барысында тау-кен және құрылыс жұмыстарын жүргізу кезінде қауіпсіздік ережелерін бұзғаны үшін жауапкершіліктің қылмыстық-құқықтық және әкімшілік-құқықтық мәселелері талқыланды, оның осы саладағы жұмыстарымен таныстық. Сондай-ақ еңбекті қорғау саласындағы ағымдағы қылмыстық заңнама және оны одан әрі дамыту перспективалары туралы пікір алмасу болды.



2023 жылдың 18 қарашасында Ресей мемлекеттік кітапханасында жұмыс атқарылды (Қазан қ., Татарстан к-сі, 2). Тау-кен немесе құрылыс жұмыстарын жүргізу кезінде қауіпсіздік ережелерін бұзудың алдын-алу мәселесіне арналған ғылыми жұмыстар (монографиялар мен диссертациялар) зерттелді. Зерттеу тақырыбы бойынша соңғы 5 жылда жарияланған, сондай-ақ қорғалған және осы жағымсыз әлеуметтік құбылысқа қарсы тұрудың қазіргі тенденцияларын көрсететін 15-тен астам монографиялар мен диссертациялар зерттелді.



Күнтізбелік жоспарды орындау шеңберінде өткізілген іс-сапардың мақсаты мен міндеттері толық орындалды.

Есеп университеттің ЭҚЗ ҒЗИ отырысында тыңдалды (2023 жылдың 21 қарашадағы № 6 хаттама).